



КӨНЕ ТАРИХ КӨМБЕСІ

# Шаһарлардың «мерейтойлық шеруі»

## немесе Қарқаралы тарихын қай уақыттан бастаған дұрыс?

Еліміздегі жер-су, елді мекен атауларын тарихи әділдікпен қалпына келтіру ісі жүзеге асып келеді. Сонымен қатар елді мекендердің іргетасы қаланған жылын тарихи-деректік тұрғыдан анықтау – қазіргі таңда өзекті мәселенің бірі. Мәселен, патшалық Ресей қазақ жерін отарлау барысында қала-бекіністер салғаны мәлім. Содан қалған кейбір қалалық мекендердің тарихын анықтағанда, көбінесе патшалық Ресейдің бұйрығы шыққан уақытпен есептеу әдетке айналды. Бұл тарихи әділдікке жата ма? Біздіңше ел тарихындағы қалалардың жасын есептеуде жаңаша көзқарас қалыптастыратын уақыт жетті. Әйтпесе, тағы да қазақ жерін отарлау мақсатында салынған қала-бекіністердің «мерейтойлық шерулері» жалғаса беретіні анық.

Дәстүрлі еуропалық немесе Ресей ғалымдарының қалалар туралы көзқарасы бұрынғы замандағы көшпелілердің қалаларын зерделеу, бағамдау, жасын анықтауда қателікке бой ұрындырады. Көп ретте көшпелілердің қала мәдениетін еуроцентристік көзқараста методологиялық тұрғыдан теріс тоқтамға келсе (көшпелілерде қала мәдениеті болмаған деп), патшалық Ресей мен кеңестік идеология отаршылдық саясат ықпалымен саналы тұрғыда бекерге шығарды. Ендеше, бұрын көшпелілігі басым болған елдің қала мәдениеті туралы жаңа концептуальды тұрғыдан көзқарасты қалыптастыру қажеттігі туындайды. Бұл мәселеде қала мәдениетімен айналысатын тарихшылар көшпелі шаруашылықтың ерекшеліктері мен тиімділігіне ерекше көңіл аударуы қажет. Көшпелі мал шаруашылығы дамуы үшін кеңістік пен уақытты тиімді пайдаланғанда ғана көшпелілердің тіршілік етуі, өмір сүруі мүмкін екендігін естен шығармау керек. Ұлы далада көшқон, маусымға байланысты қоныс, мекен ауыстырып отыру, құрғақты, жартылай шөлейтті аймақтардағы түрлі климаттық құбылысқа байланысты миграциялық үдерістер, міне осының бәрі көшпелілерде қаланың басқаша түрде қалыптасуына, дамуына ықпал етті. Ал үнемі көшіп-қону жағдайында болатын көшпелілерге отырықшы шаруашылықтағылардыкі сияқты қалалар керек пе? Әрине қажеті шамалы. Сол себепті көшпелілерде қала дегенде, оны ертеден келе жатқан қазақ халқының сөз қорындағы өлшемдермен атағанымыз дұрыс. Ол өлшемдерге, мысалы: «мекен», «тұрақ», «өңір», «қоныс» деген ұғымдар сәйкес келетіні, яғни қала дегенде осы аталғандар есте тұруы қажет.

Ал осы бұрын мекен, тұрақ, өңір, қоныстарды көшпелілердің қала мәдениетіне жатқызсақ, олардың тарихын қандай методологияға сүйеніп анықтауымыз керек? Әрине, оны математикалық әдіспен жылдарды санап қоя салуға болатын бастапқы уақытты белгілеу өте қиынға соғатыны анық. Сондықтан елдегі қалалар жасын есептеуде мынандай ғылым салаларын: география, этнология, хронология, этнотопонимика, жазба деректер, ауызша тарихи аңыздар мен шежірелерді кешенді тұрғыда байланыстырып, жүйелеу арқылы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Осындай көрсетілген әдіс-тәсілдер арқылы Сарықаның төрінде орналасқан Қарағанды облысындағы Қарқаралы елді мекенінің тарихын анықтауға талпыныс жасалғанын саралап көрейік. Қарқаралының іргесі қаланған жылын осы уақытқа дейін 1824 жылғы сәуір айындағы патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлауды жалғастыру барысында Сібір қазақтары дала губернаторлығының әкімшілік-аумақтық орталығы — станция, яғни әскери бекініс ретінде қаланған уақытынан бастайды. Егерде қазіргі таңда, осы 1824 жылдан бастап

есептейтін болсақ, онда 2024 жылы Қарқаралының 200 жылдығын атап өту керек болады. Алайда, қала тарихын бұлай есептеу әділдікке жатпайды.

2014 жылы Қарқаралының 190 жылдығына арналған «Қарқаралы қаласы: тарихи мен бүгінгі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Осы конференцияның алқа мәжілісінде баяндама жасап, Қарқаралының іргесі бой көтерген жылын ресейлік патша үкіметінің қала-бекінісін салу бұйрығының шыққан уақытынан емес, өңірде ежелден мекен еткен ру-тайпаларды тарихи-деректік тұрғыдан зерттеу нәтижесінде олардың ел болған, мемлекет құрған кезеңінен бастау қажеттігін айтып, ұсыныс жасаған едік. Бұл ұсынысты форумға қатысушылар қолдап, конференция шешіміне енгізген болатын. Сол уақыттан бергі жылдар ішінде араб, парсы жазбалары, қытай жылнамалары, төл дерегіміз болып табылатын көне түркі руникалық ескерткіштерді, ауыз екі тарих айту дәстүрі мен тарихи-эпикалық жырлардағы деректерді жинау, жүйелеу және ғылыми айналымға келтіру арқылы Қарқаралының тарихы туралы белгілі бір тоқтамға келуге қол жеткіздік.

Енді осы зерттеулердің негізгі ғылыми бағыттары бойынша қол жеткізген нәтижелерін тезистік тұрғыдан баяндайық.

Біздің дәуіріміздің VIII-X ғасырларында Қарқаралы өңірі Қарлық қағанатының құрамында (Қимақ қағанатымен шекаралас) болған кезде оның билеушісі Білге Күл Қадырхан 840 жылы қаған атағын алып, тәуелсіз мемлекетін құрған еді. Содан бұл мемлекет 100 жылдай қағанат, кейін хандық түрінде моңғол шапқыншылығына дейін өмір сүрді. Қарлық қағанатының билеушісі Білге Күл Қадырханды парсы жазба дерегінде («Худуд ал-Алем») келтірілген Қырқырханмен сәйкестендіруге болады. Көрнекті шығыстанушы В.Ф.Минорский аталған ортағасырлық шығарманы зерделей отырып, Қырқырхан ордасын қазіргі Семейдің оңтүстік батысына қарай 350 км қашықтықтағы Қарқаралы қаласының тұрған жерімен сәйкестендіреді. Жалпы алғанда, Қырқырхан иелігі – Ертіс, Балқаш пен Алакөл, Қарқаралы, Шыңғыстау және Тарбағатай кіретін Орталық және Шығыс Қазақстан аумағын алып жатты. Бұл қазіргі Қарқаралы өңірінің елі – қарлықтардың 840 жылдан бастап, тәуелсіз мемлекет-қағандық құрғанын көрсетеді.

Осы түркі дәуіріндегі Қарқаралы өңірінің қарлық елінің мекені болғандығына тереңірек тоқталайық. В.Радлов, Ә.Марғұлан, В.Ф.Минорский сияқты іргелі ғалымдар зерттеулерінде Қарқаралы өңірін ерте заманда қарлықтардың қоныстанғанын, қарлықты Қазылық деп атаудың кеңінен таралғандығын айтқан. Сонымен қатар Қарқаралы, қарлық атауларының бір «қар» түбірінен жасалғаны айқын. Көне түркі тілінде бұл түбір сөз көбінесе тау мағынасын береді. Қарқаралы тауларын Қазылық тауы деп



Суретті түсірген Ерболпат ШАДРАКОВ

“ ҚАРҚАРАЛЫНЫҢ ТАРИХЫН ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ОТАРЛАУ МАҚСАТЫНДА ШЫҒАРҒАН БҰЙРЫҒЫНАН БАСТАП ЕМЕС, ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ТӨЛ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕКТЕРІНЕ СҮЙЕНЕ ОТЫРЫП, ОНЫҢ БАЙЫРҒЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЕЛ БОЛЫП, МЕМЛЕКЕТ ҚҰРҒАН КЕЗІНЕН, ЯҒНИ БІЗДІҢ ДӘУІРІМІЗДІҢ 840 ЖЫЛЫНАН БАСТАЛСА БҰЛ МӘСЕЛЕДЕ ДЕ ТАРИХИ ӘДІЛДІК ОРНАП, ХАЛЫҚТЫҢ ДА ҚАЛАУЫ ЖҮЗЕГЕ АСАР ЕДІ

те атауы соның дәлелі. Қарқаралыны «қазылық» деп атауының тағы да бір өзіндік себебі бар. Қарқаралы және қарлық атауларындағы «қар» түбірін атақты лингвист, түркі, моңғол, манжур тілдері бойынша маман-ғалым А.В.Дыбо ескі түркі тілінде «қаз» болғандығын дәлелдеген. Сондықтан «қазылық» – Қарқаралының көне түркі тіліндегі атауымен сәйкесетіндігі шындыққа келеді. Оның бер жағында, ертедегі араб карталарында (әл-Истахри) Қарлық мемлекетінің жерін бірде «харлухия», бірде «хазлажия» («қазылықтың») бір нұсқасы ретінде) деп көрсеткені де белгілі. Қарқаралы тауларын Қазылық деп атау ертеден белгілі. Бұл атау «Қорқыт ата» дастанының қалыптасу кезінен бастап, XX ғасырға дейін жиі айтылып жүрген. Оған «Қорқыт ата» кітабындағы «Қазылық ұлы ер Жүгенек» жыры мен XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың ақыны Күдеріқожа Көшекұлының «Қарқаралы – Қазылық» атты толғау жыры куә бола алады: «Қарқаралы – Қазылық, жататұғын жазылып», деп айтылса, Бұқар жырауда: «Он екі Қазылық, Ой Түндік, Шауып шықтым белеңге», делінеді. Сол себепті «Қазылық» – Қарқаралы тауларының ежелгі атауы және «қарлық» сөзінің синонимі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қарлықтардың тегі ежелгі түркілердің үш тайпалық бірлестігі болып, VII ғасырда тарих сахнасына шыққан. Бұл үш қарлық тайпалық бірлестігін қазақ шежіресімен байланыстырсақ мынандай тоқтамға келуге болады. Қарлықтардың басты тайпасы моуло~болат – Арғын ішіндегі Болатқожа атасынан тарайтын қаракесектер. Қарлықтардың екінші бір ірі тайпасы - «чигил» (чигил ~ шігіл ~ шеклі ~ шекті) Кіші жүздегі қаракесектердің үлкен тайпасы – шекті (шөмен, шөмекей). Үшінші тайпасы – «ташили» (ташили~ ташлық~ тасты~

таз), яғни Кіші жүздегі Байұлына жататын таз руы. Таз шежіресі бойынша Кіші жүз қаракесектерінің атасы болып табылатын Қыдырқожаның баласы, яғни 840 жылы өзін қаған деп жариялаған қарлық қағаны Білге Күл Қадырханның ұрпағы. Бұдан шығатын қорытынды: түркі дәуіріндегі тарих сахнасына шыққан үш қарлық тайпалық бірлестігі негізінен, қазақтың Орта жүзі мен Кіші жүз қаракесектерінің әуелде бір ел болып, үш қарлық тайпасын құрағандығын көрсетеді.

Жоғарыда жасалған талдаулар: араб-парсы жазбалары, қытай жылнамалары, көне түркі жазба ескерткіштері (бітіктастағы руникалық жазулар), тарихи эпикалық шығармалар ( қазақ шежіресі және ауызша тарих айту дәстүріндегі деректерді салыстырмалы тұрғыда жүйелеу, оларды ғылыми айналымға келтіру нәтижесінде мүмкін болды. Оның толық мәтіні 9 маусымда Қарағандыда, Орталық Қазақстан академиясының ұйымдастыруымен өтетін «Атыңнан айналайын Қарқаралы» атты халықаралық конференцияда баяндалып, материалдар жинағына енгізіледі.

Жоғарыда аталған ғылым салалары бойынша кешенді зерттеулердің нәтижесінде төмендегідей қорытындыға қол жеткізгенін айтуға болады:

-географиялық орналасу тұрғысынан Қарқаралы өңірі ортағасырлардағы қарлық түркілерінің мекендеген жерімен сәйкес келеді. Оған араб-парсы тіліндегі «Худуд ал-Алем», әл-Истахри шығармаларындағы «Қырқыр хан», «Хазлажия» туралы деректер дәлел.

-этностық құрамы жағынан ортағасырлық Қырқырхан иелігінің тұрғындары болып есептелетін қарлық ру-тайпалары қазірде Қарқаралы өңірінде тұратын қазақ руларының шежіресімен тікелей байланыстылығы және олардың толық сәйкесетіндігі айғақ;

-хронология тұрғысынан, яғни Қарқаралы өңірінің қарлықтардың

тарих сахнасына шыққан кезі мен олар құрған мемлекеттің уақытымен, билеушілерінің аттары мен титулдары (840 жыл,Білге Күл Қадырхан қаған, «елтебер») сай келетіні айшықталды.

-этнотопонимика ғылымының саласы бойынша ру-тайпа атауларының жер-су аттарымен байланыстылығын Қарқаралы өңірі мен қарлықтардың мекендеріндегі жер, тау аттарының (Хазлажия, Қазылық – Қарқаралы таулары) бір-бірімен сәйкес келуін де айта кеткен жөн.

Міне осындай, сан түрлі, бар деректерді талдау, жан-жақты жүйелі қарастыру нәтижелері ежелден жерінің де, елінің де бір болғанына орай, Қарқаралының іргесі қаланған жылын Қарлық билеушісі Қырқырханның қаған болғанын жариялап, мемлекеттілігін құрған уақыттан, яғни 840 жылдан басталуы керек деген тұжырымға келтіреді. Кезінде Шығыс Түрік қағанаты жанқиярлық күреспен Тан империясынан тәуелсіздігін алғанда Тоныкөк абыз: «Ел де ел болды» – деп мемлекет құрылғанын өзіне арналған бітіктаста жария еткен еді. Сол сияқты 840 жылы Қарқаралы өңірін ежелден мекендеген қарлық елі де өз мемлекетін құрған ел болды.

Осыдан сегіз жыл бұрын Қарқаралының 190 жылдығына арналған конференциядан кейін «Қарқаралы – Қазылық» кітабымда қала тарихын біздің дәуіріміздің 840 жылынан бастау қажеттігі болжаммен айтылса, енді содан бергі жүргізілген кешенді зерттеулер қорытындысы осы аталған уақыттың дұрыстығын қуаттайды. Сондықтан Қарқаралының тарихын патшалық Ресейдің отарлау мақсатында шығарған бұйрығынан бастап емес, қазақ елінің төл тарихының деректеріне сүйене отырып, оның байырғы тұрғындарының ел болып, мемлекет құрған кезінен, яғни біздің дәуіріміздің 840 жылынан басталса бұл мәселеде де тарихи әділдік орнап, халықтың да қалауы жүзеге асар еді. Сонымен бірге, қазақ еліндегі басқа қалалардың да тарихын анықтауда үлгі болары анық.

**Сатай СЫЗДЫКОВ,**  
ҰҒА Құрметті академигі,  
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы «Еуразия тарихы мен мәдениетін зерттеу» орталығының директоры